

МАЗМҰНЫ

ҚАУІПСІЗДІК ТУРАЛЫ НЕГІЗГІ ЕСКЕРТУЛЕР ..26	СҮТ НЕГІЗІНДЕГІ СУСЫНДАРДЫ ЖАСАУ35
МАҢЫЗДЫ ҚАУІПСІЗДІК ШАРАЛАРЫ27	Сүт ыдысын толтыру және бекіту35
Осы нұсқаулықта пайдаланылған	Көпіршік мөлшерін реттеу36
таңбалар.....27	Сүт негізіндегі сусындарды автоматты
Пайдалану мақсаты27	түрде жасау36
Пайдалану нұсқаулығы27	Сүт көпірткішті CLEAN (ТАЗАЛАУ) түймесін
КІРІСПЕ28	пайдаланып тазалау36
Жақшадағы әріптер28	Кеседегі кофенің немесе сүттің мөлшерін
Ақаулықтарды жою және жөндеу28	CAFFELATTE (ЛАТТЕ), CAPPUCCINO
СИПАТТАМА 28	(КАППУЧИНО), LATTE MACCHIATO (ЛАТТЕ
Құрылғының сипаттамасы.....28	МАККИАТО) және MILK (СҮТ) түймелеріне
Басқару тақтасының сипаттамасы28	бағдарламалау37
Сүт ыдысының сипаттамасы.....29	ЫСТЫҚ СУ ҚҰЮ ЖӘНЕ БУ ШЫҒАРУ37
Керек-жарақтар сипаттамасы29	Ыстық су құю37
ПАЙДАЛАНБАС БҰРЫН29	Автоматты түрде құйылатын судың
Құрылғыны тексеру29	мөлшерін өзгерту.37
Құрылғыны орнату.....29	Бу шығару38
Құрылғыны жалғау29	Сүтті көпіршіту үшін буды пайдалану
Құрылғы параметрлерін орнату.....29	туралы кеңестер.....38
ҚҰРЫЛҒЫНЫ ІСКЕ ҚОСУ30	Шүмекті пайдаланған соң тазалау.....38
ҚҰРЫЛҒЫНЫ ӨШІРУ30	ТАЗАЛАУ38
МӘЗІР ПАРАМЕТРЛЕРІ.....30	Тартылған кофе ыдысын тазалау.....38
Шаю30	Тамшы науасын және су жиналу науасын
Қақ тазалау31	тазалау39
Сүзгіні орнату31	Кофе құрылғысын ішін тазалау39
Сүзгіні ауыстыру (орнатылған болса)31	Су ыдысын тазалау.....39
Уақытты реттеу31	Кофе шүмектерін тазалау.....39
Авто бастау31	Тартылған кофе воронкасын тазалау39
Авто өшіру.....31	Демдеу торын тазалау.....39
Авто күту режимі таймері/Авто өшіру	Сүт ыдысын тазалау.....40
таймері.....32	Ыстық су/бу қондырмасын тазалау.....41
Қуат үнемдеу32	ҚАҚ ТАЗАЛАУ41
Температураны орнату32	СУ ҚАТТЫЛЫҒЫН ОРНАТУ42
Су қаттылығын орнату32	Су қаттылығын өлшеу42
Тілді орнату32	Су қаттылығын орнату42
Сигнал33	СУ ЖҰМСАРТҚЫШ СҮЗГІ.....42
Кесе шамы33	Сүзгіні орнату42
Әдепкі мәндер (қалпына келтіру)33	Сүзгіні салу43
Статистика функциясы33	Сүзгіні шығару43
КОФЕ ЖАСАУ33	ТЕХНИКАЛЫҚ ДЕРЕК.....44
Кофе дәмін таңдау33	ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМАЛАРЫ44
Кеседегі кофе мөлшерін таңдау34	КӨРСЕТІЛЕТІН ХАБАРЛАР45
«Менің кофем» мөлшерін реттеу34	АҚАУЛЫҚТАРДЫ ЖОЮ47
Кофе тартқышты реттеу34	
Ыстығырақ кофе алу туралы кеңестер ...34	
Кофе дәндерінен кофе жасау34	
Ұнтақ кофеден кофе жасау35	

ҚАУІПСІЗДІК ТУРАЛЫ НЕГІЗГІ ЕСКЕРТУЛЕР

- Бұл құрылғыны қозғалу, сезу немесе ойлану мүмкіндіктері шектелген адамдарға (балаларды қоса) немесе осы құрылғыға қатысты тәжірибесі немесе білімі жоқ адамдарға ықтимал қауіп-қатерлер мен құрылғыны қауіпсіз жолмен пайдалану туралы нұсқау берілмейінше және олар бақыланбайынша пайдалануға болмайды.
- Балалардың осы құрылғымен ойнамауын қадағалаңыз.
- Тазалауды және пайдаланушы орындайтын техникалық күтімді балаларға бақылаусыз орындатпау керек.
- Құрылғыны ешқашан суға батыру арқылы тазаламаңыз.
- Бұл тек үйде пайдалануға арналған құрылғы. Оны мынадай жерлерде пайдалануға болмайды: дүкендердегі, офистердегі және басқа жұмыс орталарындағы қызметкерлер тамақтанатын орындарда; фермаларда; қонақүйлердегі, мотельдердегі және басқа қонақ күту орталарындағы клиенттерге; төсек және таңғы ас беретін орталарда.
- Егер ашалы қосқыш немесе қуат сымы зақымданса, барлық қауіп-қатерлердің алдын алу үшін оны тек тұтынушыларды қолдау қызметтері ауыстыруы керек.

ТЕК ЕУРОПАЛЫҚ НАРЫҚТАР:

- Бұл құрылғыны 8 жастан асқан балаларға тек оларға ықтимал қауіп-қатерлер мен құрылғыны қауіпсіз жолмен пайдалану туралы нұсқау берілгенде және олар бақыланғанда ғана пайдалануға болады. Балалар сегіз жастан аспаған болса және үнемі бақылауда болмаса, тазалауды және пайдаланушы орындайтын техникалық күтімді балалар 8 жастан аспаса және бақылауда болмаса орындамаулары керек. Құрылғыны және оның сымын 8 жастан аспаған балалардан аулақ ұстаңыз.
- Құрылғыларды қозғалу, сезу немесе ойлану мүмкіндіктері шектелген адамдарға немесе осы құрылғыға қатысты тәжірибесі немесе білімі жоқ адамдарға тек оларға ықтимал қауіп-қатерлер мен құрылғыны қауіпсіз жолмен пайдалану туралы нұсқау

берілгенде және олар бақыланғанда ғана пайдалануға болады.

- Балалардың құрылғымен ойнамауы керек.
- Пайдаланылмаған кезде және бөлшектерді кимес не шешпес немесе тазаламас бұрын, құрылғыны әрқашан розеткадан ажыратып жүріңіз.



Осы таңбамен белгіленген беттер пайдалану барысында ыстық болады (бұл таңба тек кейбір үлгілерде ғана бар).

МАҢЫЗДЫ ҚАУІПСІЗДІК ШАРАЛАРЫ

Осы нұсқаулықта пайдаланылған таңбалар

Маңызды ескертулер осы таңбалармен анықталады. Осы ескертулерді құрметтеу өте маңызды болып табылады.



Қауіпті!

Мұндай ескертуді елемей электр тогына түсу салдарынан өмірге қауіп төндіретін жарақатқа себеп болуы мүмкін.



Маңызды!

Мұндай ескертуді елемей жарақаттануға немесе құрылғыны зақымдауға себеп болуы мүмкін.



Күйіп қалу қаупі бар!

Мұндай ескертуді елемей күйіп қалуға әкеп соқтырады.



Ескеріңіз:

Бұл таңба пайдаланушыға арналған маңызды кеңесті немесе ақпаратты білдіреді.



Қауіпті!

Бұл – электрлік құрылғы, сондықтан ол электр тогына түсуге себеп болуы мүмкін. Сондықтан, осы қауіпсіздік туралы ескертулерді ұстануыңыз керек:

- Құрылғыны ылғал қолдарыңызбен немесе аяқтарыңызбен тұртпегіңіз.
- Сымды ешқашан ылғал қолмен ұстамаңыз.
- Розетканың құрылғыны қажет кезде ажыратуға болатындай оңай қол жеткізетін жерде орналасқанына көз жеткізіңіз.
- Тек ашалы қосқыштан ұстап ажыратыңыз. Ешқашан сымнан ұстап тартпаңыз, себебі оны зақымдауыңыз мүмкін.
- Құрылғыны толық ажырату үшін, оны розеткадан ажыратуыңыз керек.

- Егер құрылғы ақаулы болса, оны жөндеуге тырыспаңыз. Оны өшіру үшін розеткадан ажыратыңыз және тұтынушыны қолдау қызметтерімен хабарласыңыз.
- Құрылғыны тазаламас бұрын, оны әрқашан розеткадан суырыңыз да, суытып қойыңыз.



Маңызды:

Барлық орам (пластик қалталар, полистирен көбігі) материалдарын балалардан аулақ ұстаңыз.



Күйіп қалу қаупі бар!

Бұл құрылғы ыстық су шығарады және пайдалану барысында ол бу қалыптасуы мүмкін.

Су шашырандыларынан немесе ыстық будан абай болыңыз.

Құрылғы қолданып жатқан кезде, кесе текшесі өте ыстық болуы мүмкін.

Пайдалану мақсаты

Бұл құрылғы кофе және ыстық сусындар дайындауға арналған.

Кез келген басқа қолданыс дұрыс емес және қауіпті болып есептеледі. Өнім жасаушысы құрылғыны дұрыс пайдаланбаудан туындайтын зақым үшін жауапты емес.

Пайдалану нұсқаулығы

Құрылғыны пайдаланбас бұрын осы пайдалану нұсқаулығын мұқият оқып шығыңыз. Мұндай пайдалану нұсқауларын елемей күйіп қалуға немесе құрылғыны зақымдауға себеп болуы мүмкін.

Өнім жасаушысы осы нұсқауды елемейден туындайтын зақым үшін жауапты болмайды.



Ескеріңіз:

Осы пайдалану нұсқаулығын сақтап қойыңыз. Егер құрылғы басқа адамдарға берілсе, оларды осы пайдалану нұсқаулығымен бірге беру керек.

КІРІСПЕ

Осы дәннен эспрессо және капучино жасау құрылғысын таңдағаныңызға рахмет.

Жаңа құрылғыңызды рахатыңызға пайдаланасыз деп үміттенеміз. Осы пайдалану нұсқаулығын оқып шығуға бірнеше минут бөліңіз. Бұл барлық қауіп-қатерлер мен құрылғының зақымдануының алдын алады.

Жақшадағы әріптер

Жақша ішіндегі әріптер 2-3-беттердегі «Құрылғы сипаттамасы» бөліміндегі шартты белгілерге сілтейді.

Ақаулықтарды жою және жөндеу

Проблемалар болған жағдайда, алдымен оларды «Көрсетілетін хабарлар және «Ақаулықтарды жою» бөлімінде берілген ақпаратқа жүгіне отырып шешуге тырысыңыз. Егер проблема осылай шешілмесе және қосымша ақпарат талап етсеңіз, «Тұтынушыларды қолдау қызметі» қосымша парағында берілген нөмірге қоңырау шалу арқылы тұтынушыны қолдау қызметімен хабарласыңыз.

Егер еліңіз берілген елдер тізімінен табылмаса, кепілдікте берілген нөмірге қоңырау шалыңыз. Егер жөндеу қажет болса, De'Longhi тұтынушыны қолдау қызметтерімен ғана хабарласыңыз. Мекенжайлар құрылғымен бірге берілген кепілдік куәлігінде берілген.

СИПАТТАМА

Құрылғының сипаттамасы

(3-бет - А)

- A1. Үстіңгі қақпақ
- A2. Дәндер ыдысы
- A3. Қысыммен жабу мүмкіндігі бар ұнтақ кофе воронкасының қақпағы
- A4. Тартылған кофе воронкасы
- A5. Дәндер ыдысының қақпағы
- A6. Тартуды реттеу дөңгелегі
- A7. Су ыдысы

- A8. Су ыдысын шығару тұтқасы
- A9. Су жұмсартқыш сүзгінің корпусы
- A10. Кесені жылытқыш текше
- A11. Кофе шүмегі (биіктігі реттеледі)
- A12. Ыстық су және бу қондырмасы
- A13. Қуат сымын жалғау ұяшығы
- A14. Су жиналатын науа
- A15. Кесе науасы
- A16. Тамшы науасы
- A17. Тамшы науасындағы су деңгейінің көрсеткіші
- A18. Тартылған кофе ыдысы
- A19. Демдеу торы
- A20. Негізгі қосқыш
- A21. Демдеу торының қақпағы
- A22. Демдеуіш қақпағының ілгегі
- A23.  түймесі: құрылғыны іске қосады және өшіреді (күту режимі)
- A24.  түймесі: кесе жылытқышты іске қосу йемесе өшіру

Басқару тақтасының сипаттамасы

(2-бет - В)

Тақтадағы бірнеше түйменің қос функциялары бар. Ол сипаттамада жақшалардың ішінде көрсетілген.

- B1.  дәм таңдау түймесі: кофе дәмін таңдау үшін басыңыз
- B2.  түймесі: кофе мөлшерін таңдауға арналған
- B3. Мәзірге кіру үшін **MENU** түймесін басыңыз. (Параметрлер мәзірінде болған кезде, мәзірден шығу үшін басыңыз)
- B4. Дисплей: пайдаланушыға құрылғыны пайдалану барысында нұсқаулар береді
- B5.  /OK түймесі: ыстық су құюға арналған (Параметрлер мәзірінде болған кезде таңдалған элементті растау үшін басыңыз)
- B6.  түймесі: көрсетілген параметрлермен 1 кесе кофе жасауға арналған
- B7.  түймесі: көрсетілген параметрлермен 2 кесе кофе жасауға арналған
- B8.  түймесі: бу шығаруға арналған (параметрлер мәзірінде болған кезде, мәзір тармақтары бойынша жылжу үшін басыңыз)
- B9. **MILK** (сүт) түймесі: бір кесе сүт құюға арналған
- B10. **LATTE MACCHIATO** түймесі: маккиато

құюға арналған

B11. **CAPPUCCINO** түймесі: капучино

құюға арналған

B12. **CAFFELATTE** түймесі: кафелатте
құюға арналған *(параметрлер мәзірінде
болған кезде, мәзір тармақтары бойынша
жылжу үшін басыңыз)*

Сүт ыдысының сипаттамасы

(2-бет - C)

C1. Сүт ыдысының қақпағы

C2. Көпіршікті реттеу және ТАЗАЛАУ дөңгелегі

C3. Сүт ыдысы

C4. Қақпақты шығару түймесі

C5. Көпіршітілген сүт шүмегі (реттеледі)

C6. Сүт сору түтігі

Керек-жарақтар сипаттамасы

(2-бет - D)

D1. Ұнтақ кофе өлшеуіші

D2. Тазалау щеткасы

D3. Су жұмсартқыш сүзгі (кейбір үлгілерде ғана
бар)

D4. Капучино жасағыш/ыстық су шүмегін
босату түймесі

D5. Капучино жасағыш/ыстық су шүмегі

D6. Қуат кабелі

D7. «Жалпы қаттылықты тексеру»
көрсеткішінің қағазы

D8. Қақ тазартқыш

ПАЙДАЛАНБАС БҰРЫН

Құрылғыны тексеру

Орамды ашқан соң, құрылғы бөлшектерінің түгелдігін, зақымданбаған және барлық керек-жарақтардың болуын тексеріңіз.

Егер құрылғының зақымданғаны көрініп тұрса, оны пайдаланбаңыз.

De'Longhi тұтынушыларды қолдау қызметтерімен хабарласыңыз.

Құрылғыны орнату



Маңызды!

Құрылғыны орнатқан кезде, төмендегі қауіпсіздік туралы ескертулерді ұстануыңыз керек:

- бұл құрылғы қызады. Құрылғыны пайдаланылатын жерге орналастырған соң, құрылғының беттері мен бүйірдегі және арттағы қабырға арасына 3 см, ал

кофе құрылғысының үстіне 15 см бос орын қалдырыңыз.

- Құрылғыға кірген су оны зақымдауы мүмкін. Құрылғыны шүмектерге немесе раковиналарға жақын қоймаңыз.
- Құрылғыдағы су қатып қалса, ол зақымдануы мүмкін. Бұл құрылғыны температурасы нөлден төмен түсуі мүмкін бөлмеге орнатпаңыз.
- Қуат кабелін қыры өткір немесе беті ыстық заттарға тимейтіндей етіп жүргізіңіз (мысалы, электрлік ыстық плиталар).

Құрылғыны жалғау



Маңызды!

Розетка қуаты кернеуінің құрылғы астындағы мәліметтер тақтасында көрсетілген кернеуге сәйкестігін тексеріңіз.

Құрылғыны тек жерге тиімді жолмен тұйықталған және ток қуаты кемінде 10 А болатын розеткаға қосыңыз.

Егер розетка қуаты құрылғыдағы қуатқа сай болмаса, тиісті розетка түрін білікті маманға ауыстыртыңыз.

Құрылғы параметрлерін орнату



Ескеріңіз!

- Құрылғыны зауытта тексерген кезде кофе пайдаланылды, сондықтан, кофе тартқышта кофе іздері қалса, бұл – қалыпты нәрсе. Дегенмен, бұл құрылғының жаңа екеніне кепілдік беріледі.
- Судың қаттылығын «Су қаттылығын реттеу» бөліміндегі нұсқауларға жүгіне отырып, тез арада реттеңіз.

1. Қуат сымының жалғағышын құрылғының артқы жағындағы ұяшыққа енгізіңіз және құрылғыны розеткаға енгізіңіз (1-сурет). Құрылғының бүйіріндегі негізгі қосқыштың басылғанына көз жеткізіңіз (2-сурет).

Тілді таңдауыңыз керек (тілдер шамамен 3 секундтық аралықтарда жылжып отырады):

2. English (Ағылшын) жазуы пайда болған кезде,  /OK түймесін (3-сурет) English set (Ағылшын тілі таңдалды) жазуы шыққанша бірнеше секунд басып тұрыңыз.

Құрылғы дисплейінде көрсетілген мына нұсқауларды орындаңыз:

3. "FILL TANK" (ЫДЫСТЫ ТОЛТЫРЫҢЫЗ): су ыдысын шығарыңыз (4-сурет), қақпақты (5-сурет) ашыңыз, MAX жолағына дейін таза сумен толтырып (6-сурет), қақпақты қайта жауып, ыдысты құрылғыға қайта салыңыз.
4. "INSERT WATER SPOUT" (СУ ШҮМЕГІН ЕНГІЗІҢІЗ): Қондырмаға ыстық су шүмегінің енгізілгеніне көз жеткізіп, ішінде кемінде 100 мл суы бар ыдысты шүмектің астына орналастырыңыз (7-сурет).
5. Water delivery Press OK (Су құйылуда, ОК түймесін басыңыз) хабары көрсетіледі;
6. Растау үшін  /ОК түймесін басыңыз (3-сурет). Бұл құрылғы суды шүмектен автоматты түрде ағызады және тоқтатады.

Кофе жасау құрылғысы енді әдеттегідей пайдалануға дайын.

Ескеріңіз!

- Құрылғыны орнатқан кезде, ол қанағаттанарлық нәтижені 4/5 кесе кофе немесе 4/5 капучино жасағаннан кейін береді.
- Кофенің рахатын одан бетер күшейту және құрылғының тиімділігін жақсарту үшін, біз «СУ ЖҰМСАРТҚЫШ СҮЗГІ» бөлімінде сипатталғандай, су жұмсартқыш сүзгіні орнатуды ұсынамыз. Егер сіздегі үлгі сүзгімен келмесе, оны De'Longhi тұтынушыларды қолдау орталығынан талап ете аласыз.

ҚҰРЫЛҒЫНЫ ІСКЕ ҚОСУ

Ескеріңіз!

Құрылғыны іске қоспас бұрын, негізгі қосқыштың қосылғанын тексеріңіз (2-сурет).

Құрылғы іске қосылған сайын, ол кедергі жасауға болмайтын алдын ала қыздыру және шаю циклін автоматты түрде орындайды. Құрылғы тек осы цикл аяқталған соң ғана пайдалануға дайын болады.

Күйіп қалу қаупі бар!

Шаю барысында кофе шүмегінен шамалы су шығады және төмендегі тамшы науасына жиналады. Су шашырандыларынан абай болыңыз.

- Құрылғыны өшіру үшін  түймесін (8-сурет) басыңыз. Heating up, Please wait (Қызуда, күте тұрыңыз) хабары көрсетіледі.

Қызған соң, "RINSING" (ШАЮ ОРЫНДАЛУДА) хабары көрсетіледі. Ыстық су айналымының әсерінен су қайнату бөлігімен қоса құрылғының ішкі ағын түтіктері де қызады.

Кофенің дәмі мен мөлшерін көрсететін хабар пайда болған кезде құрылғының тиісті температурада болғаны.

ҚҰРЫЛҒЫНЫ ӨШІРУ

Құрылғы кофе жасау үшін пайдаланылғаннан кейін кез келген уақытта ол автоматты шаю процесін орындайды.

Күйіп қалу қаупі бар!

Шаю барысында кофе шүмектерінен аздап ыстық су шығады және төмендегі тамшы науасына жиналады.

Су шашырандыларынан абай болыңыз.

Құрылғыны өшіру үшін  түймесін (8-сурет) басыңыз. Құрылғы шаю циклін орындап, өшеді (күту режиміне өтеді).

Ескеріңіз!

Құрылғыны біраз уақыт бойы пайдаланбайтын босаңыз, розеткадан ажыратыңыз:

- алдымен құрылғыны  түймесін (8-сурет) басу арқылы өшіріңіз.
- құрылғының бүйіріндегі негізгі қосқышты босатыңыз (2-сурет).

Маңызды!

Құрылғы іске қосулы болған кезде негізгі қосқышты ешқашан баспаңыз.

МӘЗІР ПАРАМЕТРЛЕРІ

Параметрлер мәзірін ашу үшін MENU опциясына қатысты түймені басыңыз. < немесе > түймесін (9-сурет) басу арқылы мәзір арқылы жылжыңыз.

Шаю

Бұл функцияны ішкі айналымды қыздыру және кофені ыстығырақ ету үшін шүмектен ыстық су ағызу мақсатында пайдаланыңыз.

Бұл функцияны іске қосу үшін, мына әрекеттерді орындаңыз:

1. Мәзірге кіру үшін MENU/ESC түймесін басыңыз;

2. < немесе > түймесін (9-сурет) Rinsing (Шаю орындалуда) хабары көрінгенше басыңыз;
3.  /OK түймесін басыңыз. Softfirm? (Расталсын ба?) хабары көрсетіледі;
4.  /OK түймесін басыңыз (3-сурет). Ішкі айналымды қыздыру және кофені ыстығырақ ету үшін шүмектен ыстық су ағады.

Қақ тазалау

Қақ тазалау туралы нұсқауларды 41-беттен көріңіз.

Сүзгіні орнату

Сүзгіні орнату әдісі туралы нұсқауларды «Су жұмсартқыш сүзгі» (42-бет) бөлімінен көріңіз.

Сүзгіні ауыстыру (орнатылған болса)

Сүзгіні орнату әдісі туралы нұсқауларды «Сүзгіні ауыстыру» бөлімінен көріңіз (42-бет).

Уақытты реттеу

Дисплейдегі уақытты реттеу үшін, мына әрекетті орындаңыз:

1. Мәзірге кіру үшін **MENU/ESC** түймесін басыңыз;
2. < немесе > түймесін (9-сурет) Set temperature (Температураны орнату) хабары көрінгенше басыңыз;
3.  /OK түймесін басыңыз (3-сурет). Дисплейде сағат жыпылықтайды;
4. < немесе > түймесін (8-сурет) сағатты өзгерту үшін басыңыз;
5. Растау үшін  /OK түймесін басыңыз. Минут жыпылықтайды;
6. < немесе > түймесін (9-сурет) сағатты өзгерту үшін басыңыз;
7. Растау үшін  /OK түймесін басыңыз.

Уақыт орнатылды: мәзірден шығу үшін **MENU/ESC** түймесін басыңыз.

Авто бастау

Кофені қалаған уақытта дереу жасау мақсатында құрылғыны белгілі бір уақытта (мысалы, таңертең) дайын болатындай ету үшін авто бастау уақытын орната аласыз.



Ескеріңіз!

Осы функцияны іске қосу үшін, уақыт дұрыс орнатылған болуы керек.

Авто бастау функциясын іске қосу үшін, мына

әрекеттерді орындаңыз:

1. Мәзірге кіру үшін **MENU/ESC** түймесін басыңыз;
2. < немесе > түймесін (9-сурет) Adjust time (Уақытты реттеу) хабары көрінгенше басыңыз;
3.  /OK түймесін басыңыз. Enable? (Қосылсын ба?) сұрағы көрсетіледі;
4. Растау үшін  /OK түймесін басыңыз;
5. Сағатты таңдау үшін < немесе > түймесін басыңыз;
6. Растау үшін  /OK түймесін басыңыз;
7. < немесе > түймесін (9-сурет) сағатты өзгерту үшін басыңыз;
8. Растау үшін  /OK түймесін басыңыз;
9. Мәзірден шығу үшін **MENU/ESC** түймесін басыңыз.

Уақыт расталған соң, автобастау функциясының іске қосылғаны уақытпен бірге  белгісінің пайда болуымен көрсетіледі.

Бұл функцияны ажырату үшін:

1. Мәзірден авто бастау тармағын таңдаңыз;
2.  /OK түймесін басыңыз. Disable? (Ажыратылсын ба?) сұрағы көрсетіледі;
3. Растау үшін  /OK түймесін басыңыз.

 белгісі одан әрі көрсетілмейді.

Авто өшіру

Осы функция іске қосылған кезде:

- құрылғы автоматты түрде толығымен өшіп, негізгі қосқыш ажыратылады. Құрылғыны қайта іске қосу үшін негізгі қосқышын (A20) басып, артынан ON/stand-by (ҚОСУ/Күту режимі) түймесін (A23) басыңыз.

Осы функция ажыратылған кезде:

- құрылғы күту режиміне өтеді; қуат қосуды қалады және ол ең аз мөлшердегі электр қуатын тұтынады. Құрылғыны қайта іске қосу үшін, ON/stand-by (ҚОСУ/күту режимі) түймесін басыңыз (A23).

Күту уақытын Auto-off timer (Авто өшіру таймері) (егер Auto-off (Авто өшіру) іске қосылған болса) немесе Auto-standby timer (Авто күту режимі таймері) (егер Auto-off (Авто өшіру) ажыратылған болса) мүмкіндігін пайдаланып өзгертуге болады.

Авто өшіру мүмкіндігін ажырату немесе іске қосу үшін, мыналарды орындаңыз:

1. Мәзірге кіру үшін **MENU/ESC** түймесін

- басыңыз;
2. < немесе > түймесін (9-сурет) Auto-standby timer (Авто күту режимі таймері) (немесе Auto-off (Авто өшіру)) хабары көрінгенше басыңыз;
 3. $\Delta\Delta$ /OK түймесін басыңыз. Enable? (Іске қосылсын ба?) немесе Disable? (Ажыратылсын ба?) сұрағы көрсетіледі;
 4. Растау үшін $\Delta\Delta$ /OK түймесін басыңыз;
 5. Мәзірден шығу үшін MENU/ESC түймесін басыңыз.

Авто күту режимі таймері/Авто өшіру таймері

Авто өшіру уақытын құрылғы 15 не 30 минуттан немесе 1, 2 немесе 3 сағаттан кейін өшірілетін етіп өзгертуге болады.

Авто өшіру функциясын қайта бағдарламалау үшін, мына әрекеттерді орындаңыз:

1. Мәзірге кіру үшін MENU/ESC түймесін басыңыз;
2. < немесе > түймесін (9-сурет) Auto-standby timer (Авто күту режимі таймері) (немесе Auto-off (Авто өшіру)) хабары көрінгенше басыңыз;
3. $\Delta\Delta$ /OK түймесін басыңыз;
4. < немесе > түймесін (9-сурет) жұмыс істеу минуттары/сағаттары (15 не 30 минут немесе 1, 2 не 3 сағат) көрсетілгенше басыңыз;
5. Растау үшін $\Delta\Delta$ /OK түймесін басыңыз;
6. Мәзірден шығу үшін MENU/ESC түймесін басыңыз.

Авто өшіру бағдарламаланды.

Қуат үнемдеу

Бұл функцияны қуат үнемдеу мүмкіндігін қосу немесе өшіру үшін пайдаланыңыз.

Бұл функция іске қосылған кезде, Еуропалық ережелерге сай қуат тұтыну мөлшері азаяды.

Қуат үнемдеу мүмкіндігін ажырату (немесе іске қосу) үшін, мыналарды орындаңыз:

1. Мәзірге кіру үшін MENU/ESC түймесін басыңыз;
2. < немесе > түймесін (9-сурет) Energy saving (Қуат үнемдеу) хабары көрінгенше басыңыз;
3. $\Delta\Delta$ /OK түймесін басыңыз. Disable? (Ажыратылсын ба?) хабары көрсетіледі (немесе функция бұрын ажыратылған болса Enable? (Іске қосылсын ба?) хабары

көрсетіледі);

4. Қуат үнемдеу режимін ажырату (немесе іске қосу) үшін $\Delta\Delta$ /OK түймесін басыңыз;
5. Мәзірден шығу үшін MENU/ESC түймесін басыңыз.

Осы функция қосұлы болған кезде, біраз уақыт белсенді болмаған соң Energy saving (Қуат үнемдеу) жазуы көрсетіледі.



Ескеріңіз!

- Қуат үнемдеу режимінде болған кезде, бірінші кофе, капучино немесе сүт негізіндегі кофе құйылғанша бірнеше секунд өтеді, себебі құрылғы қайта қызуы керек.
- Бір сусынды дайындау мақсатында қуат үнемдеу режимінен шығу үшін кез келген түймені басып, жасағыңыз келген сусынға қатысты түймені басыңыз.
- Егер сүт ыдысы құрылғыға салынса, қуат үнемдеу функциясы іске қосылмайды.

Температураны орнату

Кофе жасау үшін пайдаланылатын судың температурасын өзгерту үшін, мыналарды орындаңыз:

1. Мәзірге кіру үшін MENU/ESC түймесін басыңыз;
2. < немесе > түймесін (9-сурет) Set temperature (Температураны орнату) хабары көрінгенше басыңыз;
3. $\Delta\Delta$ /OK түймесін басыңыз;
4. < немесе > түймесін қажетті температура көрсетілгенше (●=төменгі; ●●●●=жоғарғы) басыңыз;
5. Растау үшін $\Delta\Delta$ /OK түймесін басыңыз;
6. Мәзірден шығу үшін MENU/ESC түймесін басыңыз.

Су қаттылығын орнату

Су қаттылығын орнату туралы нұсқауларды 42-беттен көріңіз.

Тілді орнату

Дисплей тілін өзгерту үшін, мына әрекетті орындаңыз:

1. Мәзірге кіру үшін MENU/ESC түймесін басыңыз;
2. < немесе > түймесін (9-сурет) Set temperature (Температураны орнату) хабары көрінгенше

басыңыз;

3. /OK түймесін басыңыз;
4. < немесе > түймесін қажетті тіл көрінгенше басыңыз;
5. Растау үшін /OK түймесін басыңыз;
6. Орнатылған тіл көрсетіледі;
7. Мәзірден шығу үшін **MENU/ESC** түймесін басыңыз.

Сигнал

Түймелер басылған кезде немесе бір қосымша құрал енгізілген/шығарылған кезде құрылғының сигнал шығару мүмкіндігін іске қосады немесе ажыратады. Сигналды ажырату немесе қайта іске қосу үшін, мыналарды орындаңыз:

1. Мәзірге кіру үшін **MENU/ESC** түймесін басыңыз;
2. < немесе > түймесін (9-сурет) Energy saving (Қуат үнемдеу) хабары көрінгенше басыңыз;
3. /OK түймесін басыңыз. Disable? (Ажыратылсын ба?) хабары көрсетіледі (немесе ажыратылған болса Enable? (Іске қосылсын ба?) хабары көрсетіледі);
4. Сигналды іске қосу немесе ажырату үшін /OK түймесін басыңыз;
5. Мәзірден шығу үшін **MENU/ESC** түймесін басыңыз.

Кесе шамы

Бұл функция кесе шамын іске қосады немесе ажыратады. Әдепкі параметр бойынша шам іске қосылған болады.

Бұл шам кофе, капучино немесе сүт негізіндегі сусын жасалған сайын және әрбір шаю циклі сайын жанады.

Бұл функцияны ажырату немесе қайта іске қосу үшін, мыналарды орындаңыз:

1. Мәзірге кіру үшін **MENU/ESC** түймесін басыңыз;
2. < немесе > түймесін (9-сурет) Cup lighting (Кесе шамы) хабары көрінгенше басыңыз;
3. /OK түймесін басыңыз. Disable? (Ажыратылсын ба?) хабары көрсетіледі (немесе ажыратылған болса Enable? (Іске қосылсын ба?) хабары көрсетіледі);
4. /OK түймесін кесе шамын іске қосу немесе өшіру үшін басыңыз;
5. Мәзірден шығу үшін **MENU/ESC** түймесін

басыңыз.

Әдепкі мәндер (қалпына келтіру)

Бұл барлық мәзір параметрлері мен бағдарламаланған мөлшерлерді әдепкі мәндерге қалпына келтіреді (орнатылған күйінде қалатын тілден басқа).

Әдепкі мәндерді қалпына келтіру үшін, мына әрекеттерді орындаңыз:

1. Мәзірге кіру үшін **MENU/ESC** түймесін басыңыз;
2. < немесе > түймесін (9-сурет) Default values (Әдепкі мәндер) хабары көрінгенше басыңыз;
3. /OK түймесін басыңыз;
4. Configm? (Расталсын ба?) хабары көрсетіледі;
5. Растау үшін /OK түймесін басыңыз.

Статистика функциясы

Бұл құрылғыға қатысты статистиканы көрсетеді.

Оны көрсету үшін мыналарды орындаңыз:

1. Мәзірге кіру үшін **MENU/ESC** түймесін басыңыз;
2. < немесе > түймесін (9-сурет) Statistics (Статистика) хабары көрінгенше басыңыз;
3. /OK түймесін басыңыз;
4. < немесе > түймесін (9-сурет) басу арқылы мынаны орындай аласыз:
 - қанша кофе жасалды;
 - барлық капучинолар мен сүт қосылған кофелер саны;
 - жалпы құйылған су мөлшері;
 - құрылғы қағы қанша рет тазаланды;
 - су жұмсартқыш сүзгінің қанша рет ауыстырылғаны.
5. Мәзірден шығу үшін **MENU/ESC** түймесін басыңыз.

КОФЕ ЖАСАУ

Кофе дәмін таңдау

Құрылғы әдепкіде дәмі қалыпты кофе жасау параметріне орнатылады.

Сіз мына дәмдердің бірін таңдай аласыз:

өте жұмсақ дәм
жұмсақ дәм
қалыпты дәм
қою дәм
өте қою дәм

Дәмді өзгерту үшін  түймесін (10-сурет) қажетті дәм көрсетілгенше қайталап басыңыз.

Кеседегі кофе мөлшерін таңдау

Құрылғы әдепкіде қалыпты мөлшердегі кофені жасау параметріне орнатылады. Кофе мөлшерін таңдау үшін  түймесін (11-сурет) қажетті кофе мөлшеріне қатысты хабар көрсетілгенше басыңыз:

Таңдалған кофе	Кеседегі мөлшер (мл)
МЕНИҚ КОФЕМ	Бағдарламаланады: ≈20 және ≈180 аралығында
ҚЫСҚА	≈40
ҚАЛЫПТЫ	≈60
ҰЗЫН	≈90
ӨТЕ ҰЗЫН	≈120

«Менің кофем» мөлшерін реттеу

Құрылғы әдепкі параметр бойынша 30 мл «Менің кофем» кофесін құю режиміне орнатылады.

Осы мөлшерді өзгерту үшін, мына әрекеттерді орындаңыз:

1. Кофе шүмегінің астына бір кесе қойыңыз (12-сурет).
2.  түймесін (10-сурет) MY COFFEE (МЕНИҚ КОФЕМ) хабары көрсетілгенше басыңыз.
3.  түймесін (15-сурет) 1 MY COFFEE Program quantity (1 МЕНИҚ КОФЕМ бағдарламасының мөлшері) хабары көрсетілгенше және кофе құйыла бастағанша басып тұрыңыз. Түймені босатыңыз
4. Кеседегі кофе қажетті деңгейге жеткен соң,  түймесін (15-сурет) қайта басыңыз.

Кеседегі орнатылған кофе мөлшері бағдарламаланды.

Кофе тартқышты реттеу

Кофе тартқыш әдепкі параметр бойынша кофені дұрыс дайындайтындай етіп орнатылады және оны реттеудің қажеті жоқ.


Дегенмен, алғашқы бірнеше кесе кофені жасағаннан кейін кофенің өте әлсіз және кілегейлі емес екендігі немесе оның өте жай

құйылатыны байқалса (тамшылап тұрса), оны тартуды реттеу дөңгелегін (13-сурет) реттеу арқылы түзетуге болады.



Ескеріңіз!

Тартуды реттеу дөңгелегін тек кофе тартқыш жұмыс істеп тұрған кезде ғана бұрау керек.



егер кофе өте баяу құйылса немесе мүлдем құйылмаса, дөңгелекті сағат тілі бағытымен «7» санына қарай бір рет «сырт» еткізіп бұраңыз.

Толық кілегейлі кофе жасау үшін, сағат тілі бағытына қарсы «1» санына қарай бір рет «сырт» еткізіп бұраңыз (бір бұрағанда бір реттен артық «сырт» еткізіп бұрамаңыз, әйтпесе кофе тамшылап құйылуы мүмкін).

Бұл реттеулердің нәтижесі тек 2 кесе кофе жасалғаннан кейін ғана байқалады.

Егер бұл реттеу қажетті нәтижені бермесе, дөңгелекті тағы бір рет «сырт» еткізіңіз.

Ыстығырақ кофе алу туралы кеңестер

Кофе ыстық болуы үшін, мыналарды орындауыңыз керек:

- параметрлер мәзірінде Rinsing (Шаю орындалуда) функциясын орындау (30-бет) арқылы шаю циклін орындаңыз
- кеселерді ыстық сумен шаю арқылы жылытыңыз (ыстық су функциясын пайдалану);
- кофенің температурасын параметрлер мәзірінде көтеріңіз (32-бет);
- Кесе жылытқышты іске қосу үшін  түймешігін басыңыз ( белгісі көрінеді).

Кофе дәндерінен кофе жасау



Маңызды!

Ешқашан карамельденген немесе қант қосылған кофе дәндерін пайдаланбаңыз, себебі олар кофе тартқышқа жабысып, оны пайдалануға жарамайтын етуі мүмкін.

1. Ыдысты кофе дәндерімен толтырыңыз (14-сурет).
2. Кофе шүмектерінің астына орналастырыңыз:
- 1 кесе кофе жасағыңыз келсе, 1 кесе

қойыңыз (15-сурет);

- 2 кесе кофе жасағыңыз келсе, 2 кесе қойыңыз (17-сурет).

3. Шүмекті кеселерге қарай мүмкіндігінше төмендетіңіз (16-сурет). Кілегейлі кофе осылай жасалады.
4. Қажетті кесе санына қатысты түймені басыңыз (1 кесе  немесе 2 кесе ).
5. Дайындау басталады. Таңдалған кофе мөлшері кофе дайындау барысында бірте-бірте толатын прогресс жолағымен бірге көрсетіледі.



Ескеріңіз:

- Құрылғы кофе жасап жатқан кезде, құюды кез келген уақытта құю түймелерінің бірін басу арқылы тоқтатуға болады.
- Құйылып болған соң кеседегі кофе мөлшерін көбейту үшін, кофе түймелерінің бірін басып тұрыңыз (3 секунд ішінде) ( немесе ).

Кофе жасалған соң, құрылғы қайта пайдалануға дайын болады.



Ескеріңіз!

- Құрылғыны пайдалану барысында әр түрлі хабарлар көрсетілуі мүмкін (FILL TANK (ЫДЫСТЫ ТОЛТЫРЫҢЫЗ), EMPTY GROUND CONTAINER (ҰНТАҚ КОФЕ ЫДЫСЫН БОСАТЫҢЫЗ), т.б.). Олардың мағыналары «Көрсетілетін хабарлар» (45-бет) бөлімінде түсіндірілген.
- Кофені ыстық етіп жасау туралы ақпаратты «Ыстығырақ кофе алу туралы кеңестер» (34-бет) бөлімінен көріңіз.
- Егер кофе тамшылап құйылса, тым сұйық болса және жеткілікті деңгейде кілегейлі болмаса немесе тым салқын болса, 47-беттегі «Ақаулықтарды жою» бөліміндегі кеңестерді оқыңыз.

Ұнтақ кофеден кофе жасау



Маңызды!

- Құрылғы өшірулі кезде ешқашан ұнтақ кофені салмаңыз, әйтпесе ол құрылғының қуыс-қуыстарына таралып, оны былғауы мүмкін. Бұл құрылғыны зақымдауы мүмкін.
- Ешқашан бір деңгейлі мөлшерден артық

пайдаланбаңыз, себебі ол құрылғының ішін былғауы немесе воронканы бітеп тастауы мүмкін.



Ескеріңіз!

Егер тартылған кофені пайдалансаңыз, сіз бір уақытта тек бір кофе жасай аласыз.

1.  түймесін (10-сурет) Pre-ground (Ұнтақ) хабары көрсетілгенше қайта-қайта басыңыз.
2. Дән ыдысының қақпағын ашып, тартылған кофе воронкасының қақпағын ашыңыз және көтеріңіз.
3. Воронканың бітеліп қалмағанына көз жеткізіп, бір деңгей мөлшеріндегі ұнтақ кофені салыңыз (18-сурет).
4. Кофе шүмектерінің астына бір кесе қойыңыз.
5.  1 кесе кофе түймесін басыңыз (15-сурет).
6. Дайындау басталады. Таңдалған кофе мөлшері кофе дайындау барысында бірте-бірте толатын прогресс жолағымен бірге көрсетіледі.



Ескеріңіз!

Егер «Қуат үнемдеу» режимі белсенді болса, бірінші кофе құйылмас бұрын бірнеше секунд күту керек болуы мүмкін.

СҮТ НЕГІЗІНДЕГІ СУСЫНДАРДЫ ЖАСАУ



Ескеріңіз!

- Сүттің көпіршігі аз болуына немесе үлкен көбіктердің болуына жол бермес үшін, сүт ыдысының қақпағы мен ыстық сүт қондырмаларын және 36-беттердегі «Сүт ыдысын тазалау» бөлімінде сипатталғандай әдіспен тазалап отырыңыз.

Сүт ыдысын толтыру және бекіту

1. Босату түймесін C4 басу арқылы қақпақты алып, бір уақытта қақпақты жоғары көтеріп тұрып шығарыңыз (19-сурет).
2. Сүт ыдысын жеткілікті сүт мөлшерімен ыдыста белгіленген MAX деңгейіне дейін толтырыңыз (20-сурет). Ыдыстың бүйіріндегі әрбір белгі шамамен 100 мл сүтке негізделген.



Ескеріңіз!

- Қоюлау көпіршікке қол жеткізу үшін тоңазытқыш температурасында (шамамен 5°C) сақталған шайқалған немесе жартылай шайқалған сүтті пайдалану керек.
 - Егер «Қуат үнемдеу» режимі іске қосылса, сусын құйылмас бұрын бірнеше секунд күту керек болуы мүмкін.
3. Сүт сору түтігінің сүт ыдысы қақпағының төменгі жағына дұрыс енгізілгенін тексеріңіз (21-сурет).
 4. Сүт ыдысының қақпағын орнына салып, орнына түскенше төмен басыңыз.
 5. Ыстық су шүмегін шүмектегі түймені басу арқылы алыңыз (22А сур.).
 6. Сүт ыдысын қондырмасына енгізіп, жеткен жеріне дейін итеріңіз (23-сурет). Құрылғы сигнал шығарады (сигнал функциясы іске қосылған болса).
 7. Кофе және көпіршітілген сүт шүмектерінің астына жеткілікті көлемдегі үлкен кесені қойыңыз. Сүт шүмегінің ұзындығын реттеңіз. Оны кесеге жақындату үшін төмен басыңыз (24-сурет).
 8. Әрбір функцияға қатысты төмендегі нұсқауларды орындаңыз.

Көпіршік мөлшерін реттеу

Каппучино және сүт негізіндегі кофе түрлерін дайындау барысында құйылатын сүттегі көпіршік мөлшерін реттеу үшін көпіршікті реттеу дөңгелегін бұраңыз.

Дөңгелек бағыты	Сипаттама	Келесі үшін ұсынылады...
	No froth (Көпіршік жоқ)	КАФЕЛАТТЕ/ СҮТ (ыстық сүт)
	Min. froth (Аз мөлшердегі көпіршік)	ЛАТТЕ МАКИАТО
	Max. froth (Көп мөлшердегі көпіршік)	КАППУЧИНО/ СҮТ ((көпіршітілген сүт)

Сүт негізіндегі сусындарды автоматты түрде жасау

Басқару тақтасындағы CAFFELATTE (ЛАТТЕ), CAPPUCCINO (КАППУЧИНО), MACCHIATO (МАККИАТО) және MILK (СҮТ) түймелері осы сусындарды автоматты түрде дайындау функциясын іске қосады. Мына әрекетті орындаңыз:

1. Сүт ыдысын толтырыңыз және жоғарыда сипатталғандай етіп бекітіңіз.
2. Сүт ыдысының қақпағындағы көпіршікті реттеу дөңгелегін қажетті көпіршік мөлшеріне қатысты бағытқа бұраңыз.
3. Қажетті сусынға қатысты түймені басыңыз. Таңдалған сусын аты сусынды дайындау барысында бірте-бірте толатын прогресс жолағымен бірге көрсетіледі.
4. Бірнеше секундтан соң, көпіршітілген сүт төмендегі кесеге сүт шүмегі арқылы құйылады.
Кофе қосылатын сусындарды жасаған кезде, құрылғы сүтті құйған соң кофені автоматты түрде жасайды.



Ескеріңіз!

- Қю барысында дайындауды тоқтатқыңыз келсе, кез келген түймені басыңыз.
- Құйылған соң, кесеге сүттің немесе кофенің мөлшерін көбейту үшін, капучиноға немесе сүтке қатысты түймені үш секунд ішінде басып тұрыңыз.
- Сүт ыдысын тоңазытқыштың сыртында ұзақ уақытқа қалдырмаңыз. Сүт неғұрлым жылы болса (5 °C – ең оңтайлысы), шығарылған көпіршік сапасы соғұрлым нашар болады.

Сүт көпіршікті CLEAN (ТАЗАЛАУ) түймесін пайдаланып тазалау



Маңызды! Күйіп қалу қаупі бар

Сүт ыдысының ішкі түтіктерін тазалап жатқан кезде, көпіршікті сүт шүмегінен шамалы ыстық су шығады.

Су шашырандыларынан абай болыңыз.

Сүт функциясын пайдаланған сайын дисплейде TURN DIAL TO CLEAN (ДӨҢГЕЛЕКТІ ТАЗАЛАУ ҮШІН ОРНАТЫҢЫЗ) хабары жыпылықтайды. Барлық сүт қалдықтарын тазалау үшін, мыналарды орындаңыз:

1. Сүт ыдысын құрылғыда қалдырыңыз (оны босатудың қажеті жоқ);
2. Көпіршітілген сүт шүмегінің астына кесені немесе басқа ыдысты қойыңыз.
3. Көпіршікті реттеу дөңгелегін CLEAN (ТАЗАЛАУ) бағытына бұраңыз (25-сурет). Cleaning underway, Please wait (Тазалау жүріп жатыр, күтіңіз) хабары дайындау барысында бірте-бірте толатын прогресс жолағымен бірге көрсетіледі. Тазалау автоматты түрде тоқтайды.
4. Дөңгелекті көпіршік түрлерінің біріне қайта бұраңыз.
5. Сүт ыдысын алып, бутүтігінің қондырмасын әрқашан губкамен тазалаңыз (26-сурет).

Ескеріңіз!

- Бірнеше капучино немесе сүт негізіндегі кофелерді дайындау үшін, құрылғыны тек соңғы сусын дайындалған соң ғана тазалаңыз.
- Сүт ыдысын тоңазытқышта сақтауға болады.
- Кейбір жағдайларда құрылғының қызғанын күтуіңіз керек.

Кесеге кофеңіз немесе сүттің мөлшерін CAFFELATTE (ЛАТТЕ), CAPPUCCINO (КАПУЧИНО), LATTE MACCHIATO (ЛАТТЕ МАККИАТО) және MILK (СҮТ) түймелеріне бағдарламалау

Құрылғы әдепкі параметр бойынша қалыпты мөлшерлерді құю режиміне автоматты түрде орнатылады. Осы мөлшерлерді өзгерту үшін, мына әрекеттерді орындаңыз:

1. Кофе шүмектерінің және сүт шүмегінің астына бір кесе қойыңыз.
2. Функция түймелерінің бірін Program quantity PROGRAM MILK (Бағдарламаланатын мөлшер СҮТТІ БАҒДАРЛАМАЛАУ) хабары көрінгенше басыңыз.
3. Түймені жіберіңіз. Құрылғы сүт құюды бастайды.
4. Кесеге қалаған сүт мөлшері құйылған соң, осы түймені қайта басыңыз.
5. Құрылғы сүт құюды тоқтатады, сосын, дайындалып жатқан сусынға қажет болса, кесеге бірнеше секундтан кейін кофе құйылады. Program quantity PROGRAM COFFEE (Бағдарламаланатын мөлшер СҮТТІ БАҒДАРЛАМАЛАУ) хабары көрінеді.

6. Кесеге қалаған кофе мөлшері құйылған соң, осы түймені қайта басыңыз. Кофе құю тоқтатылады.

Құрылғы енді жаңа сүт және кофе мөлшерлеріне қайта бағдарламаланған күйде болады.

ЫСТЫҚ СУ ҚҰЮ ЖӘНЕ БУ ШЫҒАРУ



Маңызды! Күйіп қалу қаупі бар.

Ыстық су құю немесе бу шығару барысында құрылғыны қараусыз қалдырмаңыз. Құю барысында шүмек ыстық болады. Тек сабынан ұстаңыз.



Ескеріңіз!

Егер «Қуат үнемдеу» режимі белсенді болса, ыстық су және бу шығарылмас бұрын бірнеше секунд күту керек болуы мүмкін.

Ыстық су құю

1. Ыстық су шүмегінің дұрыс бекітілгеніне көз жеткізіңіз (7-сурет).
2. Шүмек астына ыдыс қойыңыз (шашыраудың алдын алу үшін барынша жақын қойыңыз).
3.  /OK түймесін басыңыз (3-сурет). Preparation underway (Дайындау орындалуда) хабары көрінеді. Одан кейін ыстық су ағады және HOT WATER (ЫСТЫҚ СУ) хабары кофе дайындау барысында бірте-бірте толатын прогресс жолағымен бірге көрсетіледі.
4. Құрылғы шамамен 250 мл ыстық су құйып, автоматты түрде тоқтайды. Құйылып жатқан ыстық суды қолмен тоқтату үшін,  /OK түймесін қайта басыңыз.

Автоматты түрде құйылатын судың мөлшерін өзгерту.

Құрылғы әдепкі параметр бойынша автоматты түрде 250 мл ыстық су құйылатындай етіп реттелген.

Осы мөлшерлерді өзгерту үшін, мына әрекеттерді орындаңыз:

1. Ыдысты шүмек астына қойыңыз.
2.  /OK түймесін Program quantity HOT WATER (Бағдарлама мөлшері ЫСТЫҚ СУ) хабары көрінгенше басып тұрып, босатыңыз.
3. Кесеге ыстық су қажетті деңгейге жеткен соң,  /OK түймесін қайта басыңыз.

Құрылғы сол кезде жаңа мөлшермен бағдарламаланады.

Бу шығару

1. Ыстық су шүмегінің дұрыс бекітілгеніне көз жеткізіңіз (7-сурет).
2. Ыдысты қыздырылатын/көпіршігілетін сұйықтықпен толтырып, шүмекті/капучино жасағышты (D5) сұйықтыққа батырыңыз.
3.  түймесін басыңыз. Бірнеше секундтан соң капучино жасағыштан сұйықты қыздыратын бу шығады және STEAM (БУ) жазуы көрінеді.
4. Қажетті температураға дейін қызған кезде, буды  түймесін қайта басу арқылы тоқтатыңыз (Буды бір уақытта 3 минуттан астам уақыт шығарып тұрмауыңыз керек).



Маңызды!

Шашырандылардан күйіп қалудың алдын алу үшін, ішінде сұйықтығы бар ыдысты шығарып жатқан кезде әрқашан будың тоқтағанына көз жеткізіп отырыңыз.

Сүтті көпіршіту үшін буды пайдалану туралы кеңестер

- Ыдыстың көлемін таңдаған кезде, сұйық заттың көлемі екі немесе үш есе көбейетінін ескеріңіз.
- Қоюлау көпіршікке қол жеткізу үшін, тоңазытқыш температурасында (шамамен 5°C) сақталған шайқалған немесе жартылай шайқалған сүтті пайдаланыңыз.
- Кілегейлі көпіршік жасау үшін ыдысты жайлап қана жоғары қарай ырғап жылжытыңыз.
- Көпіршігі нашар немесе көбіктері үлкен сүт болмас үшін, шүмекті әрқашан төмендегі бөлімде сипатталғандай етіп тазалаңыз.

Шүмекті пайдаланған соң тазалау

Сүт қалдықтарының жиналуына және шүмектің бітеліп қалуына жол бермес үшін, шүмекті әрқашан тазалап отырыңыз.

1. Капучино жасағыш астына ыдыс қойып, шамалы су ағызу үшін  түймесін басыңыз (3-сурет). Су ағын тоқтату үшін  түймесін тағы да басыңыз.
2. Капучино жасағыш суығанша бірнеше минут күтіп, ыстық су шүмегіндегі түймені

басу арқылы оны шығарыңыз. Шүмекті бір қолыңызбен ұстап тұрып, басқа қолыңызбен капучино жасағышты сағат тіліне қарсы бұраңыз да (22-сур.), шығару үшін төмен қарай тартыңыз.

3. Бу қондырмасын да төмен тарту арқылы шығарыңыз (27А сур.).
4. 27В суретінде көрсетілген тесіктің бітеліп қалмағанын тексеріңіз. Қажет болса, инемен тазартыңыз.
5. Капучино жасағыштың барлық бөлшектерін губкамен және ыстық сумен жуыңыз.
6. Қондырманы орнына салып, капучино жасағышты қондырмаға жоғары қарай итеру және орнына түскенше бұрау арқылы қайта енгізіңіз.

ТАЗАЛАУ



Маңызды!

- Кофе құрылғысын тазалау үшін еріткіштерді, қырғыш заттарды немесе спиртті пайдаланбаңыз. De'Longhi суперавтоматты дәннен эспрессо және капучино жасау құрылғыларын тазалау үшін тек осы құрылғыларға арналған химикаттарды ғана пайдалануыңыз керек.
- Сүт ыдысынан (С) басқа құрылғының кез келген құрамдас бөлшегін ыдыс аяқ жуғышта жууға болмайды.
- Қоқымдарды және кофе қалдықтарын кетіру үшін металдан жасалған заттарды пайдаланбаңыз, себебі олар құрылғының металл немесе пластмасса бөліктерін сырып тастауы мүмкін.

Тартылған кофе ыдысын тазалау

"EMPTY GROUNDS CONTAINER" (ҰНТАҚ КОФЕ ЫДЫСЫН БОСАТЫҢЫЗ) хабары көрсетілген кезде, ұнтақ кофе ыдысын босату және тазалау керек.

Бұл құрылғы тартылған кофе ыдысы тазаланбайынша кофе жасау үшін пайдаланылмайды.

Толық болмаса да, бірінші кофе дайындалғаннан кейін 72 сағат ішінде тартылған кофе ыдысын босату туралы хабар көрсетіледі. 72 сағатты дұрыс есептеу үшін, құрылғыны қуат қосқышын 0 бағытына қосу арқылы ешқашан өшірмеу керек.



Маңызды! Күйіп қалу қаупі бар

Егер бірнеше каппучиноны бірінен соң бірін жасасаңыз, металдан жасалған кесе науасы қызады.

Оны ұстамас бұрын суығанын күтіп, тек алдынан ғана ұстаңыз.

Тазалау үшін (тек құрылғымен):

- Тамшы науасын шығарыңыз (28-сурет), босатыңыз және тазалаңыз.
- Ұнтақ кофе ыдысын босатып, түбінде қалған барлық қалдықтарды кетіру үшін мұқият тазалаңыз. Оны берілген щеткадағы қырғышпен орындауға болады.
- Су жиналу науасын тексеріңіз және қажет болса босатыңыз (29-сурет).



Маңызды!

Тамшы науасын алып жатқан кезде тартылған кофе ыдысын тіпті онда шамалы кофе қалса да босату керек.

Егер босатылмаса, келесі кофелерді жасаған кезде, тартылған кофе ыдысы шамадан тыс толып кетіп, құрылғы арналарын бітеуі мүмкін.

Тамшы науасын және су жиналу науасын тазалау



Маңызды!

Тамшы науасы ондағы су деңгейін көрсететін деңгей көрсеткішімен (қызыл) белгіленген (30-сурет).

Тамшы науасын индикатор кесе науасынан шығып тұрғанға дейін босату керек, әйтпесе, су науа жиегінен асып шығып, құрылғыны, құрылғы орналасқан жерді немесе оның айналасын бүлдіруі мүмкін.

Тамшы науасын алу үшін:

1. Тамшы науасын және тартылған кофе ыдысын шығарыңыз (28-сурет);
2. Тамшы науасы мен тартылған кофе ыдысын босатыңыз және жуыңыз;
3. Су жиналу науасын тексеріңіз және қажет болса босатыңыз.
4. Болған соң тамшы науасы мен ұнтақ кофе ыдысын орындарына салыңыз.

Кофе құрылғысын ішін тазалау



Электр тогына түсу қаупі бар!

Ішкі бөліктерді тазаламас бұрын, құрылғыны

өшіру («Өшіру» бөлімін көріңіз) және розеткадан ажырату керек.

Кофе құрылғысын ешқашан суға батырмаңыз.

1. Құрылғының іші (тамшы науасын алған соң қол жетімді болады) кірлемегенін тұрақты түрде (шамамен аптасына бір рет) тексеріп отырыңыз. Қажет болса, кофе қалдықтарын берілген щеткамен және губкамен тазалаңыз.
2. Қалдықтарды шаңсорғышпен тазалаңыз (31-сурет).

Су ыдысын тазалау

1. Су ыдысын (A7) тұрақты түрде (шамамен айына бір рет) және су жұмсартқыш сүзгіні (егер бар болса) орнына салған сайын дымқыл шүберекпен және шамалы жұмсақ ыдыс жуғыш сұйық затпен тазалап отырыңыз.
2. Сүзгіні алыңыз (егер бар болса) және ағынды сумен шайыңыз.
3. Сүзгіні орнына салыңыз (егер болса), ыдысты таза сумен толтырып, орнына салыңыз.

Кофе шүмектерін тазалау

1. Кофе шүмектерін губкамен немесе шүберекпен тұрақты түрде тазалап отырыңыз (32-сурет).
2. Кофе шүмегіндегі тесіктердің бітеліп қалмағанын тексеріңіз. Қажет болса, кофе қалдықтарын тіс тазартқышпен кетіріңіз (33-сурет).

Тартылған кофе воронкасын тазалау

Тартылған кофе воронкасының (A4) бітелмегенін тұрақты түрде (айына бір рет) тексеріп тұрыңыз.

Қажет болса, кофе қалдықтарын берілген щеткамен (D2) тазалаңыз.

Демдеу торын тазалау

Демдеу торын (A19) кемінде айына бір рет тазалап отыру керек.




Маңызды!


Құрылғы іске қосулы болған кезде демдеу торын алу мүмкін емес.

1. Құрылғының дұрыс өшірілгеніне көз жеткізіңіз (41-беттегі «Құрылғыны өшіру» бөлімін көріңіз).

- Құрылғының оң жағындағы демдеу торы орнының қақпағын (34-сурет) ашыңыз.



- Қызыл босату түймелерін ішке қарай басып тұрып, демдеу торын сыртқа қарай тартып шығарыңыз (35-сурет).




- Демдеу торын суға шамамен 5 минут батырып қойып, ағынды су астында шайыңыз.



Маңызды!


ТЕК СУМЕН ШАЙЫҢЫЗ
ЫДЫС ЖУҒЫШ СҰЙЫҚ ЗАТТЫ ЖӘНЕ ЫДЫС ЖУҒЫШ ҚҰРЫЛҒЫНЫ ПАЙДАЛАНБАҢЫЗ
Демдеу торын тазалау үшін жуғыш сұйықтықты пайдаланбаңыз.

- Демдеу торының корпусында (демдеу торы орнының қақпағы арқылы көрінеді) қалған кез келген кофе қалдығын кетіру үшін арнайы щетканы (D2) пайдаланыңыз.
- Тазалаған соң демдеу торын ішкі тірекке қарай сырғыту арқылы орнына салып, «сырт» етіп орнына түскенше PUSH (ИТЕРУ) белгісін толық енгенше ішке қарай басыңыз.




Ескеріңіз!

Егер демдеу торын енгізу қиын болса, оны енгізбес бұрын суретте көрсетілген екі ілгекті қысу арқылы шағынырақ етіңіз.



- Салынған соң, екі қызыл түйменің шыққанына көз жеткізіңіз.



- Демдеу торы орнының қақпағын жабыңыз.
- Су ыдысын орнына салыңыз.


Сүт ыдысын тазалау

Сүт дайындап болған сайын сүт ыдысын төменде сипатталғандай етіп тазалаңыз:


- Қақпақты ашыңыз.

- Сүт шүмегі мен ішке тарту түтігін алыңыз.

- Көпіршікті реттеу дөңгелегін сағат тілі бағытымен INSERT (ЕНГІЗУ) бағытына қарай бұрап (суретті қараңыз), жоғары қарай тартып шығарыңыз.



- Барлық құрамдас бөлшектерді ыстық сумен және жұмсақ жуғыш сұйықтықпен жуыңыз. Барлық құрамдас бөлшектерін ыдыс жуғышта жууға болады, ол үшін оларды ыдыс жуғыштың ең жоғарғы текшесіне қою керек.



Дөңгелектің астындағы бос орында және ойықта сүт қалдықтары қалмасын (қасындағы суретті көріңіз). Қажет

болса, ойықты тіс тазартқыш таяқшамен қырғылаңыз.

5. Көпіршікті реттеу дөңгелегі орнының ішкі жағын ағынды сумен шайыңыз (суретті көріңіз).
6. Ішке тарту түтігі мен шүмектің сүт қалдықтарымен бітеліп қалмағанын тексеріңіз.
7. Дөңгелекті, шүмекті және сүт сору түтігін орнына салыңыз (көрсеткіні INSERT (ЕНГІЗУ) сөзіне сәйкестендіре отырып).
8. Қақпақты ыдысқа қайта орналастырыңыз.

Ыстық су/бу қондырмасын тазалау

Сүт дайындаған сайын қондырманы губкамен шайбалардағы сүт қалдықтарын кетіру үшін тазалап отырыңыз.

ҚАҚ ТАЗАЛАУ

Дисплейде DESCAL (ҚАҚ ТАЗАЛАУ) хабары және  белгісі жыпылықтаған сайын құрылғының қағын тазалап отырыңыз.



Маңызды!

- Қақ тазалағыш құрамында теріні және көздерді тітіркендіруі мүмкін қышқылдар бар. Өнім жасаушысының қақ тазалағыш орамында берген ескертулерін және теріге және көздерге тиген жағдайда орындалатын процедураларға қатысты ескертулерді міндетті түрде оқу керек.
 - Тек De'Longhi қақ тазалағышын пайдаланыңыз. Ешбір жағдайда сульфамин немесе қышқыл негізіндегі қақ тазалағыштарды пайдаланбаңыз. Оларды пайдалану кепілдіктің күшін жояды. Құрылғы қағын жоғарыда сипатталғандай етіп тазаламау да кепілдік күшін жояды.
1. Құрылғыны іске қосыңыз.
 2. Мәзірге кіру үшін MENU/ESC түймесін басыңыз.
 3. < немесе > түймесін Descal (Қақ тазалау) тармағы көрінгенше басыңыз.
 4. /OK түймесін басу арқылы таңдаңыз: Confirm? (Расталсын ба?) хабары көрсетіледі. Растау үшін /OK түймесін басыңыз.
 5. DESCAL (ҚАҚ ТАЗАЛАҒЫЗ), EMPTY DRIP TRAY (ТАМШЫ НАУАСЫН БОСАТЫҒЫЗ) хабары Remove filter (Сүзгіні алыңыз)

хабарымен (егер сүзгі болса) және ADD DESCALER PRESS OK (ҚАҚА ТАЗАЛАҒЫШ ҚОСЫҒЫЗ, OK ТҮЙМЕСІН БАСЫҒЫЗ) хабарымен бірге кезек-кезек көрсетіледі.

6. Су ыдысын (A9) толық босатып, су жұмсартқыш сүзгіні алыңыз (егер болса). Тамшы науасын (29-сурет) және ұнтақ кофе ыдысын босатып, оларды құрылғыға қайта салыңыз.
7. Қақ тазалағышты ыдыстың артында белгіленген (36-сурет) А деңгейіне дейін құйып (100 мл орамына қатысты), сосын В деңгейіне (36-сурет) дейін су (1 литр) құйыңыз да, су ыдысын орнына салыңыз.
8. Көлемі кемінде 1,5 литр болатын бос ыдысты ыстық су шүмегінің астына қойыңыз (7-сурет).



Маңызды! Күйіп қалу қаупі бар

Ыстық су шүмегінен құрамында қышқылы бар ыстық су ағады.

Су шашырандыларынан абай болыңыз.

9. Ерітіндіні қосқаныңызды растау үшін /OK түймесін басыңыз. Қақ тазалау бағдарламасы құрылғының ішіндегі қақты тазалау үшін бірнеше шаю және кідіру әрекеттерін орындайды. DESCAL, Please wait (ҚАҚ ТАҚАЛАНУДА, күте тұрыңыз) хабары көрсетіледі. Қақ тазалау бағдарламасы басталады және су шүмегінен қақ тазалағыш сұйық зат шығады.

Шамамен 30 минуттан соң RINSING, INSERT FILTER (ШАЮ ОРЫНДАЛУДА, сүзгіні салыңыз), (егер сүзгі алынған болса) FILL TANK (ЫДЫСТЫ ТОЛТЫРЫҒЫЗ) хабары көрсетіледі.

10. Одан кейін құрылғы таза сумен шаюға дайын болады. Су ыдысын шығарыңыз, босатыңыз, ағын су астында шайыңыз, су сүзгісін қайта салыңыз (егер бұған дейін алынған болса), таза сумен толтырып, орнына салыңыз. RINSING, Press OK (ШАЮ, OK түймесін басыңыз) хабары көрсетіледі.
11. Қақ тазалағыш ерітіндіні жинау үшін пайдаланылған ыдысты босатыңыз да, ыстық су шүмегінің астына қайта салыңыз.
12. Шаюды бастау үшін /OK түймесін басыңыз. Ыстық су шүмектен ағады және RINSING (ШАЮ) хабары көрінеді.
13. Су ыдысы толығымен босаған кезде,

Rinsing complete, Press OK (Шаю аяқталды, ОК түймесін басыңыз) хабары көрсетіледі.

14. $\delta\delta$ /OK түймесін басыңыз.

15. Heating up, please wait (Қызуда, күте тұрыңыз) хабары көрсетіледі: аяқталған кезде, құрылғы пайдалануға дайын болады.



Ескеріңіз!

Егер қақ тазалау дұрыс орындалмаса (мысалы, электр кенеттен болмай қалса), циклді қайталауды ұсынамыз.

СУ ҚАТТЫЛЫҒЫН ОРНАТУ


Бір кезеңдік уақыт өткен соң су қаттылығына сай DESCAL (ҚАҚ ТАЗАЛАҢЫЗ) хабары көрсетіледі.

Құрылғы әдепкі параметр бойынша су қаттылығының 4-мәніне орнатылады.

Сонымен қатар, бұл құрылғыны әр түрлі аймақтардағы құбыр суының қаттылығына сай бағдарламалау арқылы құрылғыны сирегірек тазалау қажет болатындай етіп орнатуға болады.

Су қаттылығын өлшеу

1. Осы нұсқаулармен бірге берілген «ТОЛЫҚ ҚАТТЫЛЫҚТЫ ТЕКСЕРУ» көрсеткіші қағазын орамынан шығарыңыз.
2. Қағазды стакандағы суға бір секундқа толығымен батырып алыңыз.
3. Қағазды судан шығарып, жайлап сілкіңіз. Шамамен бір минуттан соң 1, 2, 3 немесе 4 қызыл шаршы судың қаттылығының деңгейіне қарай көрінеді. Әрбір шаршы бір деңгей болып есептеледі.



Су қаттылығын орнату

1. Мәзірге кіру үшін MENU/ESC түймесін басыңыз.
2. < немесе > түймесін Water Hardness (Су қаттылығы) тармағы көрінгенше басыңыз.

3. $\delta\delta$ /OK түймесін басып, таңдауды растаңыз.

4. < немесе > түймесін қайталап басып, көрсеткіш қағазда көрсетілген су қаттылығы деңгейін орнатыңыз (алдыңғы бөлімді қараңыз).

5. Параметрді растау үшін $\delta\delta$ /OK түймесін басыңыз.

6. Мәзірден шығу үшін MENU/ESC түймесін басыңыз.

Құрылғы сол кезде жаңа су қаттылығының параметрімен бағдарламаланады.

СУ ЖҰМСАРТҚЫШ СҮЗГІ

Кейбір үлгілерге су жұмсартқыш сүзгі бекітіледі. Егер сіздегі үлгіде ондай болмаса, De'Longhi тұтынушыны қолдау қызметтерінен сатып алуды ұсынамыз.

Сүзгіні дұрыс пайдалану үшін, төмендегі нұсқаларды орындаңыз.

Сүзгіні орнату


1. Сүзгіні орамынан шығарыңыз.
2. Күн көрсеткішінің дискісін (37-суретті көріңіз) қолданудың келесі екі айы көрінгенше бұраңыз.



Ескеріңіз

Құрылғы дұрыс пайдаланылса, бұл сүзгі екі айға жарамды болады. Егер кофе құрылғысы сүзгісі енгізілген күйде пайдаланылмай қалса, сүзгі тек үш аптаға жарамды болады.

3. Сүзгіні белсендіру үшін, осы ағын су астына су бүйірлік тесіктерінен ағып шыққанша қойыңыз бір минуттан астам уақытқа (ең азы 500 мл) (38-сурет).
4. Ыдысты құрылғыдан шығарып, сумен




толтырыңыз.

5. Сүзгіні су ыдысына салып, он секунд бойы толық батырыңыз да, ауа көпіршіктерін шығарып жіберу үшін қисайтыңыз (39-сурет).



39

6. Сүзгіні корпусына салыңыз және орнына жеткенше басыңыз (40А сур.).
7. Ыдыстың қақпағын (40В сур.) жауып, ыдысты құрылғыдағы орнына салыңыз.



40A



40B

Сүзгіні орнатқан кезде, оның бар екенін құрылғыға ескеруіңіз керек.

8. Мәзірге кіру үшін **MENU/ESC** түймесін басыңыз;
9. < немесе > түймесін (9-сурет) **Install filter** (Сүзгіні орнату) хабары көрінгенше басыңыз.
10. $\Delta\Delta$ /OK түймесін басыңыз.
11. **Install?** (Орнату керек пе?) сұрағы көрінеді;
12. $\Delta\Delta$ /OK түймесін басып, таңдауды растаңыз. **Water delivery Press OK** (Су құйылуда, OK түймесін басыңыз) хабары көрсетіледі.
13. Ыдысты ыстық су шүмегінің астына орналастырыңыз (ең төменгі сыйымдылық: 100 мл).
14. $\Delta\Delta$ /OK түймесін басып, таңдауды растаңыз. Құрылғы ыстық су құюды бастайды және **Please wait** (Күте тұрыңыз) хабары көрінеді.
15. Құю аяқталған соң, құрылғы келесі сусынды жасауға дайын болады.
- Содан кейін сүзгі белсенді болады және кофе құрылғысын пайдалана аласыз.

Сүзгіні салу

 белгісі **REPLACE FILTER** (СҮЗГІНІ САЛЫҢЫЗ) хабарымен бірге көрсетілген кезде, екі айдан соң (күн көрсеткішін көріңіз) немесе құрылғы 3 апта бойы пайдаланылмаса, сүзгіні ауыстыру

керек:

- Ыдысты және бітеліп қалған сүзгіні шығарыңыз;
- Жаңа сүзгіні орамынан алып, алдыңғы тараудың 2 және 6 аралығындағы қадамдарын орындаңыз.
- Ыстық су шүмегінің астына ең аз сыйымдылығы 100 мл болатын ыдысты қойыңыз.
- Мәзірге кіру үшін **MENU/ESC** түймесін басыңыз;
- < немесе > түймесін **Replace filter** (Сүзгіні ауыстырыңыз) тармағы көрінгенше басыңыз.
- $\Delta\Delta$ /OK түймесін басыңыз;
- Confirm?** (Расталсын ба?) хабары көрсетіледі;
- Таңдауды растау үшін $\Delta\Delta$ /OK түймесін басыңыз;
- Water delivery, Press OK** (Су құйылуда, OK түймесін басыңыз) хабары көрсетіледі.
- $\Delta\Delta$ /OK түймесін басып, таңдауды растаңыз. Құрылғы ыстық су құюды бастайды және **Please wait** (Күте тұрыңыз) хабары көрінеді.
- Құю аяқталған соң, құрылғы келесі сусынды жасауға дайын болады.

Содан кейін жаңа сүзгі белсенді болады және кофе құрылғысын пайдалана аласыз.

Сүзгіні шығару

Егер құрылғыны сүзгісіз пайдаланғыңыз келсе, оны алып, құрылғыға оның алынғаны туралы ескертуіңіз керек.

Мына әрекетті орындаңыз:

- Ыдысты және бітеліп қалған сүзгіні шығарыңыз;
- Мәзірге кіру үшін **MENU/ESC** түймесін басыңыз;
- < немесе > түймесін (9-сурет) **Install filter, Installed** (Сүзгіні орнату, Орнатылды) хабары көрінгенше басыңыз.
- $\Delta\Delta$ /OK түймесін басыңыз;
- Дисплейде **Uninstall?** (Алу керек пе?) хабары көрсетіледі;
- Растау үшін $\Delta\Delta$ /OK түймесін және мәзірден шығу үшін **MENU/ESC** түймесін басыңыз.

ТЕХНИКАЛЫҚ ДЕРЕК

Кернеу: 220-240 В~ 50/60 Гц макс. 10 А
Жұтылатын қуат: 1450 Вт
Қысым: 15 бар
Су ыдысының ең жоғарғы сыйымдылығы: 1,3 л
Өлшемі: ҰхБхД: 195х325х500 мм
Кабель ұзындығы: 1,80 м
Салмағы: 10,8 кг
Кофе дәндері ыдысының сыйымдылығы: 1 5 0 г

CE Бұл құрылғы мына ЕС директиваларына сәйкес:

- 2006/95/ЕС төменгі кернеу директивасы және кезекті толықтырулары;
- EMC 2004/108/ЕС директивасы және кезекті толықтырулары;
- Еуропалық күту режиміне қатысты 1275/2008 ережесі
- 1935/2004 ЕЕС тағам тиетін материалдар мен керек-жарақтар ережесіне сәйкес.

ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМАЛАРЫ

Өнім түрі	өнімдегі жапсырмаға қараңыз
Үлгі	"
Кернеу	"
Жиілік	"
Тұтынылатын қуат	"

Италияда жасалған
De'Longhi Appliances s.r.l.
via L.Seitz, 47 31100 Treviso Italy
Де'Лонги Апплайансиз с.р.л.
Виа Л. Зейц, 47 31100 Тревизо Италия

Ресейге, Белоруссияға және Қазақстанға импорттаушы:
«Делонги» ЖШҚ, Ресей, 127055, Мәскеу қаласы,
Суцёвская көшесі, 27/3-үй (27-үй, 3-құрылым)
Тел.: +7 (495) 781-26-76

Бұл құрылғы пайдалану нұсқаулығында көрсетілгендей жолмен пайдаланылады. Өнімнің

мерзімі сатып алынған күннен бастап 5 жылға созылады.

Өнім шығарылған күн өнім жапсырмасының бетінде немесе оның қасында көрсетілуі мүмкін (Сериялық нөмірі: ASSCC, бұл жерде А – өнім жасалған жылдың соңғы саны, SS – өнім жасалған апта, CC – басып шығару күні, 1992 жылдан бастап автоматты түрде есептеледі. Мысалы: Сер.№ 30411xxx, өнім жасалған жыл – 2003, өнім жасалған апта – 4)



КӨРСЕТІЛЕТІН ХАБАРЛАР

КӨРСЕТІЛЕТІН ХАБАР	ЫҚТИМАЛ СЕБЕБІ	ШЕШІМІ
FILL TANK (ЫДЫСТЫ ТОЛТЫРЫҢЫЗ)	Ыдыстағы су жеткіліксіз.	Су ыдысын толтырыңыз және/немесе «сырт» етіп орнына киілгенше итеру арқылы дұрыстап салыңыз.
EMPTY GROUNDS CONTAINER (ҰНТАҚ КОФЕ ЫДЫСЫН БОСАТЫҢЫЗ)	Ұнтақ кофе ыдысы (A18) толып кеткен.	Ұнтақ кофе ыдысы мен тамшы науасын босатыңыз, тазалаңыз да орындарына салыңыз (29-сурет). Маңызды: Тамшы науасын алып жатқан кезде тартылған кофе ыдысын тіпті онда шамалы кофе қалса да босату керек. Егер босатылмаса, келесі кофелерді жасаған кезде, тартылған кофе ыдысы шамадан тыс толып кетіп, құрылғы арналарын бітеуі мүмкін.
GROUND TOO FINE (КОФЕ ТЫМ ҰСАҚ) ADJUST MILL (КОФЕ ТАРТҚЫШТЫ РЕТТЕҢІЗ)	Тартылған кофе тым майда және кофе өте жай құйылуда немесе мүлдем құйылмауда.	Кофені тағы да құйып көріңіз және кофе тартқыш жұмыс істеп тұрған кезде тартуды реттеу дөңгелегін сағат тілі бағытымен «7» санына қарай бұраңыз (13-сурет). Егер 2 кесе кофе құйылғаннан кейін әлі де жай құйылса, тартуды реттеу дөңгелегін құйылу дұрысталғанша тағы бір рет «сырт» еткізіп бұрау арқылы дұрыстау процедурасын қайталаңыз («Кофе тартқышты реттеу» бөлімін қараңыз).
	Егер су жұмсартқыш сүзгі болса, түтіктерден ауа көбігі шығып, құюға кедергі жасауы мүмкін.	Құрылғыға ыстық су шүмегін енгізіп, ағын бір қалыпты болғанша шамалы су ағызыңыз.
INSERT GROUNDS CONTAINER (ҰНТАҚ КОФЕ ЫДЫСЫН ЕНГІЗІҢІЗ)	Тазалаған тартылған кофе ыдысы орнына салынбаған.	Тамшы науасын шығарып, ұнтақ кофе ыдысын орнына салыңыз.
ADD PRE-GROUND COFFEE (ҰНТАҚ КОФЕ ҚОСЫҢЫЗ)	Воронкаға «тартылған кофе» салынбаса да тартылған кофе жасау функциясы таңдалған.	Воронкаға алдын ала ұнтақталған кофені салыңыз немесе pre-ground (ұнтақ кофе) функциясының (18-сурет) таңдауын алыңыз.

DESCALE (ҚАҚ ТАЗАЛАҢЫЗ)	Құрылғы қағын тазалау керек.	«Қақ тазалау» бөліміндегі қақ тазалау процедурасын неғұрлым тезірек орындау керек .
КОФЕ МӨЛШЕРІН АЗАЙТУ	Өте көп мөлшердегі кофе пайдаланылған.	☞ түймесін басу (10-сурет) арқылы жұмсағырақ дәмді таңдаңыз немесе алдын ала ұнтақталған кофе мөлшерін азайтыңыз.
FILL BEANS CONTAINER (ДЭНДЕР ЫДЫСЫН ТОЛТЫРЫҢЫЗ)	Кофе дәндері таусылған.	Дәндер ыдысын толтырыңыз (14-сурет).
	Алдын ала тартылған кофе воронкасы бітеліп қалған.	Воронканы «Ұнтақ кофе воронкасын тазалау» бөлімінде сипатталғандай етіп щеткамен босатыңыз.
ДЕМДЕУІШ ЖИНАҒЫН ЕНГІЗУ	Тазаланғаннан кейін, демдеу торы орнына салынбаған.	Демдеу торын «Демдеу торын тазалау» тарауында сипатталғандай етіп енгізіңіз.
INSERT TANK (ЫДЫСТЫ САЛЫҢЫЗ)	Ыдыс орнына дұрыс салынбаған.	Су ыдысын дұрыстап енгізіңіз және орнына түскенше басыңыз.
GENERAL ALARM! (ЖАЛПЫ ДАБЫЛ!)	Құрылғының іші өте лас.	Құрылғының ішін «Тазалау» бөлімінде сипатталғандай етіп мұқият тазалаңыз. Бұл хабар тазаланған соң да көрсетілсе, тұтынушыларды қолдау қызметімен хабарласыңыз.
WATER CIRCUIT EMPTY FILL WATER CIRCUIT (СУ АЙНАЛЫМЫ БОС, АЙНАЛЫМДЫ СУҒА ТОЛТЫРЫҢЫЗ) Су құю PRESS OK (OK БЕЛГІШЕСІН БАСЫҢЫЗ)	Су айналымы бос	OK түймесін басып, шүмектен (A11) әдеттегідей су шыққанға дейін су құйыңыз. Бұл хабар тазаланған соң да көрсетілсе, тұтынушыларды қолдау қызметімен хабарласыңыз.
REPLACE FILTER (СҮЗГІНІ АУЫСТЫРЫҢЫЗ)	Су жұмсартқыш сүзгі бітеліп қалған.	Сүзгіні салыңыз немесе оны «Су жұмсартқыш сүзгі» бөлімінде сипатталғандай етіп шығарыңыз.
TURN DIAL TO CLEAN (ТАЗАЛАУ ҮШІН ДӨҢГЕЛЕКТІ БҰРАҢЫЗ)	Жақында сүт құйылған, сүт ыдысының ішіндегі түтіктерді тазалау керек.	Көпіршікті реттеу дөңгелегін CLEAN (ТАЗАЛАУ) бағытына бұраңыз.
INSERT WATER SPOUT (СУ ШҮМЕГІН ЕНГІЗІҢІЗ)	Су шүмегі енгізілмеген немесе дұрыс енгізілмеген.	Су шүмегін (D5) орнына түскенше енгізіңіз.



INSERT MILK CONTAINER (СҮТ ЫДЫСЫН САЛЫҢЫЗ)	Сүт ыдысы дұрыс салынбаған.	Сүт шүмегін (23-сурет) орнына түскенше енгізіңіз.
DESCALE (ҚАҚ ТАЗАЛАҢЫЗ)	Қақ тазалау қажет емес.	«ҚАҚ ТАЗАЛАУ» бөлімін қараңыз.
REPLACE FILTER (СҮЗГІНІ АУЫСТЫРЫҢЫЗ)	Су сүзгісін ауыстырыңыз.	«Су сүзгісін ауыстыру» тарауын көріңіз.

АҚАУЛЫҚТАРДЫ ЖОЮ

Төменде кейбір ықтимал ақаулықтар көрсетілген.

Егер проблема сипатталғандай әдіспен шешілмесе, тұтынушыларды қолдау қызметтерімен хабарласыңыз.

ПРОБЛЕМА	ЫҚТИМАЛ СЕБЕБІ	ШЕШІМІ
Кофе ыстық емес.	Кеселер алдын ала қыздырылмайды.	- Кесе жылытқышты іске қосыңыз және кеселерді кемінде 20 минут бойы жылытыңыз. - Кеселерді ыстық сумен шаю арқылы алдын ала жылытыңыз (ЕСКЕРІҢІЗ: ыстық су функциясын пайдалану).
	Демдеу торы суып қалған, себебі соңғы кофе жасалғалы 2/3 минут өткен.	Кофе жасамас бұрын, демдеу торын шаю функциясын пайдалану арқылы қыздырыңыз.
	Төменгі кофе температурасы орнатылды.	Мәзірден жоғарырақ кофе температурасын орнатыңыз.
Кофе көпіршігі жеткілікті емес.	Кофе тым ірі етіліп тартылған.	Кофе тартқыш жұмыс істеп тұрған кезде тартуды реттеу дөңгелегін сағат тілі бағытына қарсы «1» санына қарай бір рет бұраңыз (13-сурет). Кофе қанағаттанарлықтай тартылмайынша сыртылдата бұрауды жалғастырыңыз. Нәтиже тек 2 кофе жасаған соң ғана беріледі (мына бөлімді қараңыз: «Кофе тартқышты реттеу» бөлімі).
	Кофе жарамсыз.	Эспрессо құрылғылары үшін тек ұнтақ кофе пайдаланыңыз.

Кофе тым баяу құйылады немесе тамшылап тұрады.	Кофе тым майда етіліп тартылған.	Кофе тартқыш жұмыс істеп тұрған кезде тартуды реттеу дөңгелегін сағат тілі бағытымен «7» санына қарай бір рет бұраңыз (13-сурет). Кофе қанағаттанарлықтай тартылмайынша сыртылдата бұрауды жалғастырыңыз. Нәтиже тек 2 кофе жасаған соң ғана беріледі (мына бөлімді қараңыз: «Кофе тартқышты реттеу» бөлімі).
Кофе бір немесе екі шүмектен де ақпайды.	Шүмектер бітеліп қалған.	Шүмектерді тіз тазартқышпен тазалаңыз (33В-сурет).
	Шүмектерден сүт ақпайды.	Сүт ыдысының қақпағын «Сүт ыдысын тазалау» бөлімінде сипатталғандай етіп тазалаңыз.
	Сүтті үлкен көбіктер бар және ол сүт шүмегінен шашырап шығады немесе аз ғана көпіршік шығады.	Сүт жеткілікті деңгейде салқын емес немесе ол жартылай шайқалмаған.
	Көпіршікті реттеу дөңгелегі дұрыс реттелмеген.	Т о ң а з ы т қ ы ш температурасындағы (шамамен 5°) майсыздандырылған немесе жартылай майсыздандырылған сүтті пайдаланған жөн. Егер нәтиже сіз қалағандай болмаса, басқа компанияның сүтін пайдаланып көріңіз.
	Сүт ыдысының қақпағы немесе көпіршікті реттеу дөңгелегі кірлеген	«Каппучино және сүт қосылған кофе түрлерін жасау» бөліміндегі нұсқауларды орындау арқылы реттеңіз.
	Ыстық су/бу түтігінің қондырмасы кірлеген	Сүт ыдысының қақпағы мен тетікті «Сүт ыдысын тазалау» бөлімінде сипатталғандай етіп тазалаңыз.
	Сүтті үлкен көбіктер бар және ол сүт шүмегінен шашырап шығады немесе аз ғана көпіршік шығады.	Шүмек кірлеген. "Шүмекті пайдаланған соң тазалау" бөлімінде сипатталғандай етіп тазалаңыз.

Құрылғы іске қосылмайды.	Жалғағыш дұрыс салынбаған.	Жалғағышты құрылғының артындағы ұяшыққа барған жеріне дейін енгізіңіз.
	Ол розеткаға қосылмаған.	Розеткаға қосыңыз.
	Негізгі қосқыш (A20) іске қосылмаған.	Негізгі қосқышты басыңыз (2-сурет).
Демдеу торын шығару мүмкін емес.	Құрылғы дұрыс ажыратылмаған.	 түймесін басу арқылы құрылғыны өшіріңіз